



КАЗАК

ӘДЕБИЕТІ

1934 жылғы
10 қаңтардан
шыға бастады

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы



...**Ж**әп жұрт оны менің інім деп ойлайтын. Талай мәрте өз құлағыммен естідім де. Содан бері аттай отыз сегіз жыл өтіпті-ау! Осынша көктем мен жаз, осынша күз бен қыс... Қаншама су ақты, қаншама су қатты. Құдіретті уақыт-суретшінің кескіндеген тұлғасының бояуы да сан рет өзгергені аян. Көкөрім балғын кез... Алаулаған жастық дәурен... Самайды күміс қырау шалған байсал шақ... Кешегі үлбіреген үміт пен бүгінгі сақайған сенімнің аралығындағы ұзақ ғұмыр-тіршіліктің ізі де сайрап жатыр. Сағынышқа толы жылдар қоңырауын күмбірлеткен сайын мың толқып, алуан-алуан күй кешкенім де анық. Ең қуаныштысы, ең бақыттысы – кіршіксіз лағыл көңілдің бәз-баяғы қалпы. Пердесіз пейілдің сол сызат түспеген қылаусыз мөлдірлігі. Неге шүкіршілік етпеске. Тәуба! Мың тәуба! Ағалы-інілі екеуміз қол ұстасып бірге келеміз.

Жағдыдағы СУРЕТТЕР

Жанат ЕЛШІБЕК

Адам жады ешқашан ескірмейді. Дабыл қакқан мезетте-ақ есіңнің қатпар-қатпарында қаталған оқиғалардың арасынан өзіне қажеттісін қаз-қалпында бейне бір кинолентадай жанарының алдына көлбездете қояды. Айна-қатесіз. Менің де Әлібек ініммен алғаш танысқан сәтім тура күні кешегідей есімде.

Өткен ғасырдың алпыс тоғызыншы жылының қарашасы. Бәлкім, желтоқсанға ұласар оларасы болуы керек. Алматыға биыл қыс ерте түскен. Қар қалын. Кешелібері сарышұнақ аяз буып-ақ тұр. Ол кезде “Лениншіл жастың” редакциясы (“Жас Алаш”) Коммунистік данғылы бойындағы 63-ғимаратта (қазіргі Абылай хан) орналасқан. Кешкісін ел жұмыстан қайтып жатқан абыр-сабырда секретариатқа бас сұққан әдебиет бөлімінің менгерушісі Оралхан Бөкеев:

— Жанатжан, міне, менің айтып жүрген суретші бауырым. Аты-жөні Әлібек Асқаров, — деді жылышырай. — Өздерің сөйлесіп таныса бергейсіндер. Біраз тапсырыс беріп көр. Мен үйге кеттім.

— Жарайды, Ораға!

Иығына түскен қалың бұйра шашын миықтата бастырып жұп-жұмсақ, үлпілдеген тиін малақайын киген ол шығып кетті. Ілкі сәт соңынан үнсіз қарап тұрып қалған менің көзім қарсы алдымдағы жаңа танысымының қолындағы малақайға түсті. Тіл ұшына жетіп келгені:

— Мына шөпкің де тиіннің терісінен тігілген бе? — дедім таңырқаған үнмен. — Бүкіл Алматыда жалғыз ғана Оралхан ағаның басынан көріп, қатты қызығатынбыз.

— Иә, біздің жақта ондатр, каракөл жоқ. Барымыз осы тиін ғой. — Қолындағы малақайын уыстап-уыстап көрсеткен Әлібек үстіндегі тор көз пальтосын шеше бастады. — Бөлмелеріңіз қайнап тұр екен.

— Көне, әдемілеп шешініп таста да алдындағы бос үстелге жайғас. Асықпасаң біраз отыратын шығармыз. Мен келесі нөмірдің екі бетінің макетін сызып тастайын. Мүмкін, бір-екі штрих сызып өкелерсін ер-

тенге. Әлібек, сен мына одақтас республикалардың газеттерімен таныса бер. Біздің “Лениншіл жас” секілді газеттері ғой. Әсіресе, Молдовияның, Балтық республикаларының жастар басылымдары ұнайды. Макеттерін көз жүгіртіп көрші. Квадраттарды құбылтып береді. Штрихтарды өте жақсы орналастырады...

Әлгіндегі аяз сорған қызыл шырай рені бозара түскен бозым бала көздері күлімдеп, ұяң үнмен тіл қатқан:

— Жанат аға, кешірсізсіз. Квадрат, макет дегендерді онша түсінбей тұрмын.


— Әрине, білмейсін. Сендерге оны оқытпайды. Газет безендіруді біздің ҚазПИ-дің филфагында да үйретпейді. Суреттер мен фотоларды өлшеп, материалдардың жолдарын санайтын мына сызғыштарды осында көрдім алғаш рет. Бұл линейканы — строкамер дейді. Иә, қолына ұстап жыпырлаған цифр-таңбаларға үніліп көр. Онымен қалай жұмыс жасау керектігін қазір үйретемін. Еш қиындығы жоқ. Тек ынта-ықыласың болуы керек. Ендігі жерде барлық тапсырысты осы сызғыштар арқылы орындайтын боламын.

— Әр кәсіптің өз жұмбағы бар деген осы. — Тұла бойынан тазалықтың табы анық аңғарылар жаңа танысым жұқа пленкадан жасалған сызғыштың орама шыыршығын екі қолымен бірдей жазып, ынтаға тесіле түсті. — Мынауыңыз тұнған есеп-қисап қой өзі.

Әлібекпен алғаш танысқан күнімді есіме түсіргенде осынау көрініс көз алдыма қаз-қалпында жетіп-ақ келеді.

Әрине, адам жадында кез келген суреттің өшпестей боп сақталып қалуы мүмкін емес. Ілуде біреуі ғана, яғни мыннан бір мезеті ғана...

...Редакторымыз Шераған — Шерхан Мұртаза “Жалын” альма-нағына бас редактор боп ауысып, “Ленжастың” орынтағына Сейдаған — Сейдахмет Бердіқұлов отырды. Онсыз да күн аралатып біздің редак-



цияға бас сұғатын жаңа бастығымызбен ежелгі танысымыздай қауыштық. Төменгі қабаттағы “Қазақстан пионерінен” келген Сейдахмет аға, “юнкоры” ретінде мені өте жақсы білетін.

— Көне, Жанатжан, маған кірші, — деді кабинетіне өрлеп бара жатып. — Әлгі суретшіңді... Соңғы кезде штрих суреттері жиі шығып жүрген Әлібек Асқаровты айтамын, дереу ертіп келе қойшы...

Әуелде ештеңеге түсіне алмай, абдырап қалғаным рас. Өйткені, айтып тұрған Әлібекті штатта істемейтін суретші. Әлі студент. Қолы қалт еткенде, екі-үш күнде бір рет редакцияға соғып кетеді. Онда да көбіне кештетіп, жұмыстың соңына таман. Екінші ауысымда оқиды. “Оны-мұны, асығыс емес заказ-ңыз бар ма?” деп телефондайды алдын ала. Кеше сабақтан соң келіп, бір очерктің тақырыбы мен өлендер топтамасына екі-үш штрих жасауға тапсырма алып кеткен-ді. Бүгін хабарласуы екіталай. Не десем екен? Секретариаттың төріндегі бастығымының есігінен имене аттаған бойы:

— Аға, Әлібек жоқ еді, — дедім күбірлеп.

Сөзімнің аяғын күтпеген жана редактор:

— Оу, сағат өлі бес емес пе? Неғып ерте кетіп қалған, ә?!

— Ол бізде істемейді ғой. Студент жігіт. Қолы бос кезінде ғана тапсырмамызды орындайды...

— Е, е... Солай ма еді? Әлібектерің жақсы суретші. Сызған штрихтары ұнайды. Өзіндік қолтаңбасы байқалады. Газетке белсендірек тартуымыз керек. Реті келіп жатса кызметке алайық. Бүгін ертең хабарласып қалса, шақырарсың. Маған жолықтыршы, өзім түсіндіріп, таяудағы нөмірдің біріне заказ берейін.

— Жарайды. Өзі де звондап қалар.

Көпке созбай, ертеңінде редакцияға елпілдеп жетіп келген Әлібекті ай-шайға қарамай Сейдағана алып бардым.

— Оу, бауырым, мен сені газетте жұмыс істейтін шығар десем, оқитын сықылдысың. Нешінші курстасың? Сабағың жеңіл болып, уақыт тапсаң бізге жиірек қатысып тұр. Төуір материалдарды ажарлап, жұтындырып бермесе оқылмайды.

— Соңғы курстамын биыл. Дипломдық жұмыстан қол тиінкіремей жүргені. Әйтпесе, өзім де газетке арнап штрих суреттер салуға қатты

қызығамын.

— Маған осы ынтан ұнап отыр. Ендеше, Әлібек, сен тура ертеңгі нөмірге қатырып тұрып бір үлкен штрих салып әкелші. Идеясы, міне, мынадай: Қазақстанның асты-үстіндегі қазба байлықты қос алақанға орналастырып бейнелеп көрші. Әрине, айтқанға оңай. Менікі — тек идея. Қалай саласың, қандай шешіммен көрсетесің. О жағы өзіннің фантазияна, суретшілік қиялына байланысты. Түсіндің бе, менің ойымды? Егер сәтті шыкса, тура фирманың үстіне 21 квадратқа тұтас береміз. Ширек беттің көлемінде жаман болмайтын секілді.

— Иә, оригинальный дүние шығуы мүмкін. Мен де көз алдыма елестетіп тұрмын. Бүгін түнімен сызып көрейін, — деді Әлібек ерекше бал-бұл жанып.

Ертеңіне сағат оннан аса Әлібек те жетті. Түнімен кірпік ілмегені анық байқалады. Екі көзі қып-қызыл. Сейдағанның айтқандарын шалапұла елестеткен мен штрихтың нобайын ойша өзімше кескіндеп, жанарымның алдына көлбездетемін-ау. Сөйтсе де тым күрделі көрінген. Көнілім де алаңдаулы. “Әлібекжан бастықтың идеясын қалай шығарар екен?” Жок. Күпті күдігім оның қолындағы кара тушыпен салынған табактай суретті көрген бойда сейіліп қоя берді.

Алып алақанда Қазақстанның қазба байлықтарын шашаусыз орналастырыпты. Қара алтын селін ағызған мұнай скважинасы, жал-жал көмір таулары, кеніштер, сайын дала төсін қан тамырындай шимайлаған болат жолдар мен көкке бой созған жоғары кернеулі электр желілері. Бәрі-бәрі бар. Үнілген сайын, тесілген сайын әр тұстан ап-анық шалынады. Тіпті, ұлан-байтақ еліміздің астықты алқабы, ойдым-ойдым орман-тоғайы мен шалқыған өзен-көлдерін де аңғару қиын емес. Ғажабы сол, құр-өшейін үйме-жүйме, іркес-іркес тоғыта салмаған. Әр детальды, әр штрихты өдемі үйлестіріп, суретшілік шеберлікпен үндестіре білген. Жіті назар аударғанда барып, алып қолдың салалы саусақтары ұштарын әдіптей көмкерілген сызық-суреттерден республика картасының нобайын байқалдым. Тамаша шешім.

— Жүр. Сейдағана көрсетейік. Меніңше, о кісіге ұнайтын сияқты. Ойын да, идеясын да дәл тапқансың.

— Кім біледі. Бастықтың талғамы бізден биік қой, — деді Әлібек қобалжи. — Асығыстау салынды, бір

түннің ішінде бұдан артық ештеңе істей алмайсың-ау!

Емен-жарқын қарсы алған редакторымыздың қырағы қиығы штрих-суретті ашып қалғанда-ақ байқалды.

— Жарайсың, Әлібек! — даусы ерекше жарқын шыққан. — Кеше саған түсіндіре алмай бәйек болған ойым тура осы емес пе. Менің айтпағымды өте сәтті орындадың. Сенің бұл суретін кез келген картинамен иық тіресе алады. Көлдей-көлдей материалдың аузын қисайтып жібереді. Өзінді қатты қинап жібергенімді сеземін, бауырым. Мынадай кесек дүниені ұйықтамай, жарым түнде сызып шығу екінің біріннің қолынан келмейді. Біраздан бері ойлап жүрген тақырып. Тағы да айтамын: өте тамаша жасалды. Қалың оқырманның көңілінен шығатыны даусыз. Бұл суреттің айдарына былай деп жазыңдар: “Өз байлығын — өз қолыңда!” Тездетіп баспаханаға жіберіңдер.

Біз Сейдағанның кабинетінен жымындап шықтық.

Салған суретті ертеңгі нөмірге шықпай жатып мақтау естіген Әлібектің төбесі көкке сәл-ақ жетпегені айдай анық.

Еңбегінің дер кезінде бағаланғанына не жетсін!..

...Осылайша “Ленжаска” бауыр басып кеткен Әлібекті жігіттер де жатырқамалды. Өздері жазған суреттемелерге, очерктерге, тіпті ұйымдастырған топтамаларын ажарландыру үшін штрихтарды тек Әлібекке салғызатын болды. Ұжымның бір мүшесіне айналған ол уақытының денін редакцияда өткізетін. Көбіне менің жанымда. Кей күндері жұмысқа ертеңгісін бірге келеміз. Өйткені, жатақханада тұратын оны қоярда-қоймай пөтеріме алып барамын. Үйіміз жоқ. Бірінші Алматы жақта, Мехпоселкта бір ұйғырдың күркедей қоржын бөлмелі үйін жалдап тұрушы ек. “Біздікіне барып қона сал...” Менің қолқамды құп алатын.

Әлібек екеуіміз түннің бір уағына шейін сырласамыз. Әңгіме-міздің тіні — журналистика төңірегінде, әдебиет төңірегінде. Жастар газетінің жазғыштары қолынан шыққан әр дүниені қақас жібермей, шемішкеше шағып оқитын ол өз пікірін ортаға салатын. Училище қабырғасында жүрсе де бейнелеу өнері, жалпы сурет өнері жөнінде аса терең білімпаз бауырым, жазуға да бөлекше құштар екенін сездірген:

— Жанат аға, менің де со-о-ндай жазғым келеді. Орағанның, Марат Қабанбаевтың, Сейітказы мен Ырымның очерктері қатты ұнайды. Солар секілді жазғым келеді. Училишеледен сон журфакқа түсіп кетсем қайтеді?

— Несі бар, ниетің дұрыс. Егер жазуға құласаң, осы бастан түрте бер. Жұрттың бәрі журналист боп, я болмаса ақын-жазушы боп туа салмаған ғой. Журналистикаға сырттан-ақ түскенің жөн. «Очно» оқимын деп біраз уақытыңды өткізіп аларсың. Сейдахмет аға да өзіне жаман қарамайды. Мүмкін, бізге кызметке алатын шығар.

Шындығында Әлібектің жаны да, жүрегі де журналистикаға жақын болып шықты. Әр түрлі тақырыптарға арнап салған суреттерімен бірге, нәзік лиризмге құрылған көлемді очерктері мен суреттемелері, тырнақалды әңгімелері баспасөз беттерінде жариялана бастады. Қай туындысын болсын өзі безендіріп мөлдіретіп, қыздың жиған жүгіндей жұтындырып береді. Өстіп суретші Әлібек Асқаров журналист, жазушы жігітке айналды. “Ленжастың” сүйкімдісіне айналды.

Жадыдағы

СУРЕТТЕР

(Басы 17-бетте).

* * *

...Суретші боп бастап үлкен өмір жолынан өткен Әлібек Асқаровты қазір қалың жұрт қарымды қаламгер ретінде таниды. Республикамыздың баспа ісі мен полиграфиясын дамытып, қалыптастыруда шоктықты-шоктықты жұмыстар тындырған ол “Өнер” баспасының жетекші басшыларының бірі болды. Министрлер Кабинеті мен Баспасөз министрлігінде жоғары лауазымды қызметтер атқарды. Қазір Президент Әкімшілігінде жауапты қызметте.

Халқы үшін, туған елінің мәдениеті мен әдебиеті үшін қалқадерінше еңбек етіп жүрген ол негізгі кәсібінен қол үзген емес. Жеке бастың күйін күйттеп, шеншекпен қуалап, шіренген шенеунікке айналып кетпеді. Ең қуаныштысы осы! Әйтпесе, “Жусаннан аласа, бетегеден биік” қағидасын берік ұстанған оның әлдекімдерше айғайлап, кеуде соғар атакданқы да бір басына жетіп жатыр.

Өзіндік дара қолтаңбасы мен жазу мәнер-машығы бар Әлібек қаламынан “Құтмекен”, “Татта толғауы”, “Жасыл әлемге саяхат”, “Ерте түскен бозқырау”, “Өр Алтай, мен қайтейін биігінді...”, “Мұнар тауды, мұзарт шынды аңсаймын”, “Социализм әңгімелері”, “Социализм хикаяты”, т.б. кітаптар дүниеге келген. Ол Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері.

Әрдайым қаламын суытпай бабында ұстайтын жазушы Әлібек Асқаровтың қай туындысы болсын назар аудартады. Әлгінде мегзегендей оның шығармаларын егжей-тегжейлі талдамасақ та қаламгер мерейін марқайтар жылы лебіздердің қадау-қадауын ғана тілге тиек еткенді жөн көрдік. Кез келгеннің жазған дүниесіне тұшына бермейтін аса дегдар, кірпияз ағамыз Шерхан Мұртаза кезінде “Өр Алтай, мен қайтейін биігінді...” жинағы жөнінде “Романға бергісіз повесть” деп айрықша қуана жазса, белгілі ғалым, әдебиет тамыршысы Шериаздан Елеуенов бұл туынды туралы: “Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында дүниеге келген шоктықты да, шырайлы роман”, деген пікірін қадап айтқан-ды. Қазақ әдебиетінің бүгінгі корифейлерінің бірінен саналатын Қадыр Мырза-Әли “Социализм әңгімелері” төңірегінде көсіле қалам тербеді. “Жұлдыз” журналында жарияланған тың туындысы туралы “Егеменде” қаламгер Әбдімүтәл Әлібеков жазушы ізденісі мен шеберлігі хақында өз ойын білдіруі тегін емес. Әсіресе, жеке кітап болып шықпай жатып-ақ оқырман көңілін аударған шығарманың өмірі ұзақ.

Иә, жадыдағы суреттер осылайша тіл қатады.